Тарихи тұлғаларды жаңа ғылыми бағыттар тұрғысынан зерттеу және тарихи-психологиялық талдау әдісі арқылы ұлттық көшбасшылардың тұлғалық болмысын ашу – тарих ғылымы мен психология ғылымының тоғысындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мұстафа Шоқайдың тарихи-психологиялық портретін зерттеу бүгінгі қоғам үшін қажет. Себебі Мұстафа Шоқайдың өмір жолы, саяси күресі, қиындықтарға мойымауы, көшбасшылық психологиясы, тарихи жауапкершілігі қазіргі жас ұрпақтың бойындағы патриотизмді, табандылықты жауапкершілікті және тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Тарихи оқиғалар тек әлеуметтік-саяси факторлармен ғана емес, тұлғалардың ішкі психологиялық жай-күйімен де анықталады. Мұстафа

Шоқайдың шешім қабылдауындағы батылдығы, саяси көрегендігі, эмиграция жағдайындағы рухани беріктігі оның ішкі психологиялық жағдайын талдау қазіргі заман психологиясында да маңызды тақырыптардың бірі. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлға ретіндегі психологиялық портіретін ғылыми тұрғыдан сипаттау осы мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл мақала Мұстафа Шоқайдың өмір жолын, тұлғалық қасиеттерін, саяси көзқарастарының қалыптасуын, сондай-ақ оның психологиялық мінез-құрылымын талдауға бағытталған.

Әдеби шолу. Мұстафа Шоқай тұлғасы тәуелсіздік жылдарынан кейін отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде кеңінен зерттеле бастады. Оның саяси қызметі, қоғамдық көзқарастары және Түркістан халықтарының тәуелсіздігі жолындағы күресі көптеген еңбектерде жан-жақты қарастырылған. Зерттеулердің басым бөлігі Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметіне, эмиграциялық кезеңдегі қызметіне және ұлттық мемлекет идеясына арналған.

Алдымен, Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметін сипаттайтын тарихи еңбектерге тоқталу қажет. Қазақстандық және шетелдік зерттеушілер оның саяси қызметін, әсіресе Түркістан автономиясы кезеңіндегі рөлін кеңінен қарастырған. Бұл еңбектерде Мұстафа Шоқайдың ұлттық мемлекет құру жолындағы күресі, оның идеялық ұстанымдары мен саяси көзқарастары талданады. Тарихшылар оның қызметін көбіне ұлттық-демократиялық қозғалыс контекстінде бағалайды (Kara, 2025).

Өмірбаяндық зерттеулерде тұлғаның қалыптасуына әсер еткен факторлар – отбасы тәрбиесі, білім алу ортасы, әлеуметтік жағдайлар жан-жақты сипатталады. Мұндай еңбектерде оның Санкт-Петербургтегі оқу кезеңі, мемлекеттік қызметке араласуы және эмиграцияға кету себептері нақты деректер негізінде көрсетіледі. Бұл деректер психологиялық талдау үшін маңызды база болып табылады (Esmagambetov et al, 2010).

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметін зерттеуде оның өз еңбектері ерекше дереккөз болып табылады. «Яш Түркістан» журналында жарияланған мақалалары, хаттары мен естеліктері оның саяси ұстанымдарын ғана емес, сонымен қатар дүниетанымын, ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын және тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл еңбектерде еркіндік, демократия, ұлттық бірлік және тарихи әділеттілік мәселелері негізгі орын алады (Shokai, 2006). Публицистикалық мұралар ерекше орын алады. Әсіресе Яш Түркістан журналында жарияланған мақалалары оның саяси көзқарасын ғана емес, ішкі дүниесін, құндылықтық бағдарларын және ұлттық сананы қалыптастырудағы ұстанымдарын ашып көрсетеді. Бұл еңбектер тұлғаның өзіндік ой-толғанысын зерттеуге мүмкіндік береді және психологиялық портрет құруда маңызды дереккөз болып саналады (Esmagambetov, 2012).

Қазақстандық зерттеушілердің ішінде М. Қойгелдиев, К. Есмағамбетов,

К. Нұрпейісов, Қ. Бегманов, Б. Садықова, Д. Қыдырәлі, Ә. Бәкір және басқа да жас ғалымдар Мұстафа Шоқайдың тарихи қызметін жан-жақты талдаған. Олардың еңбектерінде қайраткердің Алаш қозғалысымен байланысы, Түркістан автономиясындағы рөлі және эмиграциядағы саяси күресі нақты тарихи деректер негізінде қарастырылған. Аталған зерттеулер Мұстафа Шоқайдың ұлттық тәуелсіздік идеясына адалдығын және саяси көшбасшылық қабілетін айқындайды. Мұстафатанудың негізі Түркияда қаланды. Мұстафа Шоқайдың мұраттас жолдастары, саяси күреске бірге қатысқан серіктері өз естеліктері мен еңбектерінде қазақ қайраткерлерінің дүниетанымы мен қайраткерлік болмысын қалпына келтіру жолында ауқымды жұмыстар атқарды. Бұл елде соңғы уақытта шоқайтануға қосылған қомақты үлес ретінде Түркиялық ғалым А. Қараның еңбегі ерекше аталады. Мұстафа Шоқайдың халықаралық деңгейдегі саяси қызметіне назар аударып, оның түркі халықтарының ортақ мүддесін қорғаудағы рөлін көрсетеді. Бұл еңбектер қайраткердің тек қазақ халқының ғана емес, тұтас Түркістан кеңістігінің көшбасшысы болғанын дәлелдеуге мүмкіндік береді (Қара, 2004).

Мұстафа Шоқайдың қызметінің алғашқы кезең туралы материалдар Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатында кездеседі. Сонымен қатар, Өзбекстандық ғалым Қаһромон Раджабовтың еңбектері ерекше маңызға ие (Radjabov, 2021). Мұстафа Шоқайдың туған жері Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы университет ғалымдарының шетелдік ғалымдармен бірлесе шығарған (Бәкір Ә., Қара Ә., Тайман С. Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты. Монография.-Қызылорда) монографиялық еңбегінде Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұратын айқындау мақсатында оның өскен ортасын, Ташкент пен Петербургтегі оқуын, Ресей орталығындағы қоғамдық саяси жұмыстарға қатысуы мен саяси қайраткер болып қалыптасуын, мемлекетшілдік қызметтің алғашқы асуы Түркістан Мұқтариятын құрудағы ерекше ұйымдастырушылық жұмысы, эмиграциядағы Түркістан тәуелсіз мемлекеті үшін күресі, мемлекетшіл идеялары мен саяси ой-тұжырымдарының бүгінгі тәуелсіз Қазақстан идеяларымен сабақтастығы қарастырылған (Bakir et al., 2025).

- Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезінде Мұстафаның түрлі саяси ағымдармен таныс болуы, түрік жастарының шерулеріне қатысуы, Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясы жанындағы Бюро жұмысына араласуы, эмиграциядағы қызметі туралы материалдар Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында, Ресей Федерациясының сыртқы саясаты мұрағаты, Ресей әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік мұрағаты, Ресей армиясының әскери мұрағаты, Ресей жаңа заман тарихының мемлекеттік мұрағаты шоғырланған (Bakir et al., 2025).

- Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметін зерттеудің негізгі дереккөзі оның Франциядағы жеке мұрағаттық қоры болып табылады. Онсыз

Мұстафаның қайраткерлігі мен ғұламалығына, тәлімгерлігі мен шешендігіне, дүниетанымы мен мақсат-мұраттарына, адамгершілік биік қасиеттеріне көз жеткізу қиянға соғады.

- Француз институтының кітапханасында сақталған қазақ қайраткерінің жеке мұрағаттық қоры Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуде баға жетпес дереккөз болып табылады (Esmagambetov, 2012).

Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы мен тарихи- психологиялық бейнесі бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихи үлгі ғана емес, сондай-ақ рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызды құралы болып табылады. Қазіргі қоғамда ұлттық болмысты сақтау, рухани жаңғыру, адамгершілігі жоғары көшбасшыларды қалыптастыру міндеттері тұрғанда, М.Шоқай мұрасы ерекше құндылыққа ие. Дегенмен, ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, Мұстафа Шоқай тұлғасының психологиялық қырлары арнайы зерттеу нысаны ретінде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Көптеген еңбектерде оның саяси қызметі мен тарихи рөлі басым сипатталса, тұлғалық қасиеттері, мінез құрылымы, мотивациялық факторлары және дағдарыс жағдайларындағы психологиялық тұрақтылығы жанама түрде ғана баяндалады. Сондықтан тарихи-психологиялық талдау әдісі қайраткердің ішкі дүниесін, құндылықтар жүйесін және көшбасшылық табиғатын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді (Esmagambetov, 2012).

Психологиялық тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқай тұлғасы арнайы зерттеу нысаны ретінде салыстырмалы түрде аз қарастырылған. Дегенмен, қазіргі заманғы пәнаралық зерттеулерде тарихи тұлғаларды психологиялық талдау үрдісі кеңінен дамып келеді. Осы бағыттағы еңбектер Мұстафа Шоқайдың мінез-құлық ерекшеліктерін, мотивациясын, құндылықтарын және дағдарыс жағдайындағы әрекеттерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, әдебиеттерді талдау Мұстафа Шоқай тұлғасының көпқырлы екенін көрсетеді. Тарихи еңбектер оның саяси қызметін ашса, публицистикалық мұралары ішкі дүниесін түсінуге жол ашады, ал заманауи зерттеулер оның психологиялық портретін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, әдеби шолу зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізін құрайды.

Зерттеу материалдар мен әдісі. Жеке тұлғаның адамзат тарихында алатын орны зор екені, әлеуметтік дамудың жеке адамсыз – тұлғасыз дамуы мүмкін еместігі белгілі. Жеке тұлғаның ролі, әсіресе ел тарихының бетбұрыс кезеңдерінде арта түседі. Мақалада әлемге аты мәшһүр, аса көрнекті қоғам қайраткері, берісі Түркістанның, арысы бүкіл түркі жұртының азаттығы мен тәуелсіздігіне бар саналы ғұмырын арнаған, өмірінің соңғы жиырма жылдан астамын шет елде – Францияда өткізген М. Шоқайдың өмірінің басты мұратын ашу, тарихи психологиялық портретін қалыптастыру үшін ғұмырындағы аса маңызды факторлар мен кезеңдерді, әсіресе дүниеге келген отбасын, өскен ортасын, қол жеткен білімін, сонымен қатар тұлғалық

қасиеттері оның ішінде: зияткерлік қасиеті, көсбашлық қасиеті, ұлттық намыс пен жауапкершілігі, саяси қызметіндегі психологиялық бейнесі, еркіндік сүйгіштігі, эмиграциялық кезеңі, М. Шоқайдың тарихи-психологиялық портретінің қазіргі ғылым үшін маңызы, М. Шоқай мұрасының ғылыми зерттеулердегі орны қазіргі қоғам үшін тәрбиелік маңызын қарастырамыз (Oktay et.al., 1950).

Мұстафа Шоқай мұрасының ғылыми зерттеулердегі орны қазіргі қоғам үшін тәрбиелік маңызын, ғылыми негізділігін қамтамасыз ету үшін бірнеше кешенді әдістерді қарастырамыз.

1. Тарихи әдіс – бұл әдіс Мұстафа Шоқайдың өмір сүрген дәуірін, саяси қызметін, қоғамдық көзқарастарының қалыптасу эволюциясын тарихи контекстпен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе Түркістан автономиясы, эмиграция кезеңі, Еуропадағы саяси қызметі сияқты кезеңдер осы әдіс арқылы жүйеленеді.

2. Салыстырмалы әдіс – Мұстафа Шоқайдың тұлғалық ерекшеліктерін сол дәуірдегі Алаш қайраткерлері мен өзге түркі зиялыларының қасиеттерімен салыстыру оның көшбасшылық болмысын тереңірек ашуға көмектеседі. Бұл әдіс оның даралығын, шешім қабылдау стилін және идеялық ұстанымын нақтылауға мүмкіндік береді.

3. Психологиялық талдау әдісі – тұлғаның мінезі, эмоциялық тұрақтылығы, ерік сапалары, жауапкершілік деңгейі, мотивациясы, күйзеліске төзімділігі және рухани беріктігі психологиялық талдау негізінде қарастырылады. Тарихи құжаттар, естеліктер, публицистикалық мұралар оның ішкі жан дүниесін тануға негізгі дереккөз ретінде пайдаланылады.

4. Биографиялық әдіс – тұлғаның өмір жолындағы маңызды оқиғаларды психологиялық қалыптасу кезеңдерімен байланыстыра талдау оның тұлғалық дамуын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, Мұстафа Шоқайдың тарихи-психологиялық портретін зерттеу арқылы оның тұлғалық болмысы, тарихи рөлі және рухани-психологиялық беріктігі терең ашылады. Бұл мақала ұлттық тарихтағы ұлы тұлғалардың ішкі әлемін тануға және қазіргі ұрпақтың тарихи санасын дамытуға маңызды үлес қосады.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері Мұстафа Шоқай тұлғасының бірнеше негізгі психологиялық қырларын анықтауға мүмкіндік берді: жоғары жауапкершілік сезімі, ұлттық құндылықтарға адалдық, стратегиялық ойлау қабілеті, дамыған көшбасшылық қасиеттер, эмоциялық тұрақтылық және күрделі жағдайда шешім қабылдай білу қабілеті. Аталған қасиеттер оның тарихи қызметінің табысты болуына және ұлттық қозғалыстың көрнекті көшбасшысы ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Сонымен қатар, Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысы қазіргі заман тұрғысынан да өзекті. Оның өмірлік ұстанымдары азаматтық жауапкершілік, отансүйгіштік, демократиялық құндылықтарға адалдық және ұлттық мүддені

қорғау сияқты қағидалардың маңызын көрсетеді. Сондықтан оның тарихи-психологиялық портреті тек өткенді зерттеу объектісі ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғам үшін тәрбиелік және ғылыми маңызы бар құбылыс ретінде бағаланады (Shokay, 2007).

Кейбір зерттеушілер Мұстафа Шоқайды ұлттық көсбасшы ретінде қарастырса, менің ойымша оның психологиялық төзімділігі эмиграция кезеңінде ерекше байқалады. Эмиграциядағы 20 жылдан астам өмірі оның аса жоғары табандылық иесі болғанын көрсетеді. Елден жырақта, жалғыздықта, саяси қысым жағдайында да ұлттық идеядан бас тартпауы – мінезінің беріктігінің айқын дәлелі. Ол мақала, журнал, халықаралық мінберлер арқылы күресін тоқтатпады.

1. Тұлғалық қасиеттері:

Тарихи деректер мен публицистикалық мұраларды талдау Мұстафа Шоқай тұлғасының бірнеше маңызды қырларын айқындауға мүмкіндік береді. Оның қызметінен ең алдымен жауапкершілік сезімі мен қоғамдық мүддені жеке басының мүддесінен жоғары қоя білген ұстанымы байқалады. Түркістан халықтарының болашағына қатысты мәселелерде ол қысқа мерзімді саяси пайдадан гөрі ұзақ мерзімді ұлттық мақсаттарды басшылыққа алған (Esmagambetov, 2012).

Мұстафа Шоқайдың шешім қабылдау ерекшеліктеріне назар аударғанда, оның саяси оқиғаларды кең ауқымда бағалай алғанын көруге болады. Түркістан автономиясы кезеңіндегі қызметі мен кейінгі эмиграциялық өмірі оның жағдайды жан-жақты саралап, өз ұстанымын нақты дәлелдер арқылы қорғауға ұмтылғанын көрсетеді. Бұл қасиет оның стратегиялық ойлау қабілетінің қалыптасқанын аңғартады. Қайраткердің өмір жолында кездескен қиындықтар оның психологиялық төзімділігін де көрсетеді. Елден тыс жерде өмір сүруі, саяси қысымға ұшырауы және тұрақты қолдаудан айырылуы оның қызметіне елеулі әсер етті. Соған қарамастан ол қоғамдық мәселелерге қатысты көзқарасын ашық білдіруін тоқтатпады. Мұндай жағдайларда тұлғаның ішкі тұрақтылығы мен мақсатқа адалдығы ерекше маңызға ие болады. Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысынан байқалатын тағы бір ерекшелік – ұлттық құндылықтарға деген беріктік. Оның еңбектерінде халықтың мәдени мұрасын сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту және тарихи сананы қалыптастыру мәселелері жиі көтеріледі. Бұл бағыттағы қызметі оның қоғамдық жауапкершілігінің жоғары болғанын көрсетеді (Bakir, 2025).

Мұстафа Шоқайдың көш басшылық қасиеті Түркістан автономиясы кезеңіндегі қызметінен айқын көрінеді. Түркістан автономиясы тұсында ол ұлттық мүддені қорғауға бағытталған саяси күштерді ортақ мақсатқа жұмылдыруға ұмтылды. Қоғамдық мәселелерді шешуде тек саяси белсенділік танытып қана қоймай, күрделі жағдайларда жауапкершілікті өз мойнына ала білді. Осы ретте шетелдік зерттеушілер «Түркістан жұртының бостандығы үшін күрескен тұлғалардың бірегей қайраткері ретінде М. Шоқайдың орны

бөлек», - деп түйіндейді (Rajabov, 2021). Бұл оның ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болғанын көрсетеді. Қайраткердің көшбасшылық ерекшелігі оның интеллектуалдық әлеуетімен де тығыз байланысты болды. Санкт-Петербург университетінде алған білімі, құқықтық мәселелерді терең түсінуі және халықаралық саяси үдерістерді талдай білуі оны өз дәуіріндегі көптеген зиялылардан ерекшелендірді. Сондықтан оның беделі ресми қызметімен ғана емес, қоғамдық ортадағы ықпалымен де анықталды (Esmagambetov et al, 2010).

Ұлттық намыс пен жауапкершілік қасиеті – Мұстафа Шоқайдың қоғамдық қызметінде ұлттық мүддені қорғау мәселесі негізгі орын алды. Оның мақалалары мен саяси қызметін талдау барысында халықтың саяси құқығы, мәдени тұтастығы және өзін-өзі басқару мүмкіндігі туралы мәселелерге ерекше назар аударғаны байқалады. Ол Түркістан халықтарының болашағын жеке өңірлік деңгейде емес, тұтас аймақтың тағдырымен байланысты қарастырды.

Қайраткердің қызметінен байқалатын ерекшеліктің бірі – тарихи жауапкершілікті терең сезінуі. Эмиграция жағдайында жүрген кезеңнің өзінде ол туған өлкедегі қоғамдық-саяси үдерістерге бейжай қарамай, халықаралық басылымдар арқылы өз көзқарасын білдіріп отырды. Мұндай ұстаным оның ұлттық мәселелерді уақытша саяси құбылыс ретінде емес, ұзақ мерзімді тарихи міндет ретінде қабылдағанын көрсетеді. *«Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жанпида қылуға дайын тұру болып табылады»*. *«Ылғи да Отаныма қайту ойында жүремін және соған жету үшін тырысамын. Демек, атамекенімді құтқару үшін күресемін»* (Shokai, 2006). Осы тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқайдың ұлттық жауапкершілігі нақты саяси әрекеттері мен қоғамдық қызметінен көрініс тапты. Оның қызметінің мазмұны ұлттық құндылықтарды сақтау мен халықтың болашағына қатысты мәселелерді тұрақты түрде көтеруімен ерекшеленеді. Зерттеушілердің пікірінше, ғалымдар М. Шоқайдың жазба мұрасын XX ғасырдың басындағы қазақ эмиграциясын және ұлттық-азаттық қозғалыс идеяларын бейнелейтін маңызды тарихи дереккөз ретінде қарастырады (Zholmakhanova et al., 2018).

Саяси қызметіндегі психологиялық бейнесі – Мұстафа Шоқайдың саяси қызметін психологиялық тұрғыдан қарастыру оның шешім қабылдау ерекшеліктерін, ұстанымдарының тұрақтылығын және күрделі жағдайларға бейімделу қабілетін түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи оқиғаларға қатысты көзқарастарында эмоциялық реакциядан гөрі сараптамалық ойлау басым болғаны байқалады. Мұстафа Шоқай студенттік жылдарында да, саяси қызметке араласқан жылдарында да халқын жанындай жақсы көретін және халықының келешегімен тыныштығы үшін еш аянбайтын, бейбітшілікті жақтаушы, ұлтжанды саясаткер еді. Саяси қызметінің әр кезеңінде ол қалыптасқан жағдайды жан-жақты бағалауға және ұзақ мерзімді салдарды

ескеруге ұмтылған. Бұл қасиет әсіресе Түркістан автономиясы кезеңінде және эмиграция жылдарындағы қызметінде анық көрінеді. Оның жарияланымдарында оқиғаларды тек сипаттау емес, олардың себептері мен ықтимал нәтижелерін түсіндіруге талпыныс байқалады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқайдың тұлғасына ішкі тұрақтылық пен ұстанымдарының бірізділігі тән болды. Саяси қысым мен белгісіздік жағдайында да көзқарасын өзгертуге асықпауы оның ішкі сенімдерінің берік қалыптасқанын көрсетеді (Қара, 2024).

Еркіндік сүйгіштігі – Еркіндік идеясы Мұстафа Шоқайдың дүниетанымында маңызды орын алды. Оның еңбектерінде саяси тәуелсіздік, азаматтық құқықтар және халықтардың өзін-өзі басқару мәселелері жиі көтеріледі. Бұл тақырыптар қайраткердің қоғамдық көзқарастарының негізгі бағыттарының бірі болғанын аңғартады.

Мұстафа Шоқай үшін еркіндік ұғымы тек саяси тәуелсіздікпен шектелмеген. Ол ұлттық мәдениетті сақтау, қоғамдық пікір еркіндігі және адамның қадір-қасиетін құрметтеу мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылды. Сондықтан оның қызметінде еркіндік мәселесі кең мағынадағы қоғамдық даму шарты ретінде түсіндірілді. Зерттеу барысында қарастырылған материалдар Мұстафа Шоқайдың еркіндік туралы көзқарастары оның саяси қызметінің барлық кезеңінде сақталғанын көрсетті. Бұл оның дүниетанымындағы негізгі әрі тұрақты құндылықтардың бірі болғанын дәлелдейді.

Талқылау. Мұстафа Шоқай өмір сүрген кезең – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жартысы – қазақ халқы мен тұтас Түркістан аймағы үшін аса күрделі тарихи дәуір болды. Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлға ретінде қалыптасуына оның заманының ірі саяси оқиғалары тікелей әсер етті. Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Патша үкіметінің жергілікті халықты тыл жұмысына алу туралы жарлығы Түркістан аймағында жаппай қарсылық туғызды. Бұл оқиға отарлық езгінің шегіне жеткенін көрсетті және ұлттық санаға үлкен серпін берді. Келесі аса маңызды оқиға – 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері. Ақпан төңкерісінен кейін Ресейде уақытша үкімет құрылып, ұлттық аймақтарға өзін-өзі басқару мәселесін көтеруге мүмкіндік туды. Осы тарихи жағдайда Қоқан қаласында 1917 жылдың қарашасында Түркістан автономиясы жарияланды. Мұстафа Шоқай автономияның жетекші тұлғаларының бірі болып, кейін оның премьер-министрі қызметін атқарды. Алайда Түркістан автономиясы ұзақ өмір сүрмеді. 1918 жылы большевиктік күштер Қоқан автономиясын күшпен жойып, ұлттық мемлекеттілікке жасалған алғашқы қадамды тоқтатты. Бұл Мұстафа Шоқайдың эмиграция жолына түсуіне себеп болды. 1921 жылдан бастап оның өміріндегі жаңа кезең – эмиграция дәуірі басталды. Парижде, Берлинде, Стамбұлда жүріп ол кеңестік отарлық саясатқа қарсы ақпараттық және идеологиялық күрес

жүргізді. “Жас Түркістан”, “Жаңа Түркістан” журналдары арқылы түркі халықтарының тәуелсіздігі идеясын халықаралық деңгейде насихаттады. 1930–1940 жылдардағы Еуропадағы тоталитарлық жүйелердің күшеюі, екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы геосаяси өзгерістер де оның қызметіне ықпал етті. Ол қандай жағдайда да Түркістанның тәуелсіздігі идеясынан бас тартпады (Кага, 2025).

Мұстафа Шоқай 1890 жылдың 25 желтоқсанында Сырдария губерниясының Наршоқы қыстауында, қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданы аумағында дүниеге келген. Шежірелі әулеттен шығуы оған әділдік, ел қамын ойлау, халық мүддесіне адал болу сияқты қасиеттерді ерте сіңірді. Ол ел арасындағы дастандарды, өлең жырларды жазып айтатын, арапша сауатты, барынша парасатты, зерек әрі ынталы жан болған. Мұстафаның бес жасында хат танығаны, алғашқы сауатын ашқан өз анасы екендігі туралы көптеген деректерде айтылады. Осындай рухани бай отбасылық орта Мұстафаның тұлғалық қалыптасуына ерекше әсер етті. Анасының араб, парсы, қазақ тілдерін меңгеруі, балаларын жастайынан хат танытуы оның ерте сауат ашуына ықпал етті. Отбасындағы тәрбие әділдікке, намысқа, үлкенге құрмет, ел алдындағы жауапкершілікке негізделді. Отбасындағы зиялылық пен тәртіп оның мінезінде ерте жастан жауапкершілік, сабырлылық, намысшылдық және білімге құштарлық қасиеттерін қалыптастырды. Кейін бұл қасиеттер оның саяси күрес жолындағы психологиялық беріктігінің өзегіне айналды (Begmanov, 2013).

Мұстафа Шоқайдың тұлғалық қалыптасуында қоғамдық орта мен мәдени ықпалдардың орны ерекше болды. Ол дәстүрлі қазақ қоғамының рухани құндылықтарын бойына сіңіріп өсті. Отбасы тәрбиесі, дала аристократиясына тән намыс, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттер оның мінез құрылымының негізін қалады. Санкт-Петербургтегі студенттік кезеңінде ол Ресейдің озық зиялы қауымымен, Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы мүшелерімен, демократиялық бағыттағы саясаткерлермен тығыз байланыста болды. Бұл оның ой-өрісін кеңейтіп, саяси мәдениетін қалыптастырды. Мәдени ықпалдардың ішінде түркішілдік идеясы, жәдитік ағартушылық қозғалыс, еуропалық демократиялық ойлар ерекше орын алды. Мұстафа Шоқай Шығыс пен Батыс өркениетінің озық тұстарын ұштастыра білген тұлға болды. Оның публицистикалық мұрасында ұлттық тіл, дін, мәдениет, білім және өркениеттік даму мәселелері кеңінен қарастырылды. Қоғамдық ортадағы тағы бір маңызды фактор – Алаш зиялыларымен идеялық үндестігі. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сияқты қайраткерлермен ортақ ұлттық мүдде төңірегіндегі байланыс оның саяси ұстанымын күшейтті. Осы тарихи, әлеуметтік және мәдени ықпалдар Мұстафа Шоқайдың тұлғалық болмысын шыңдап, оны тек саяси қайраткер ғана емес, ұлттық еркіндік идеясының символына айналдырды (Kydyrali, 2012).

Тарихи деректерді талдау Мұстафа Шоқайдың бойында ерте кезеңнен бастап жоғары жауапкершілік сезімі мен қоғамдық белсенділік қалыптасқанын көрсетеді. Санкт-Петербург университетінде білім алуы оның саяси ой-өрісін кеңейтіп, демократиялық құндылықтарды терең меңгеруіне мүмкіндік берді. Бұл кезеңде ол құқықтық мемлекет, азаматтық еркіндік және ұлттық өзін-өзі басқару идеяларын қолдады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқайдың негізгі ерекшеліктерінің бірі – мақсатқа беріктік пен ерік-жігердің жоғарылығы. Түркістан автономиясы құлағаннан кейін де ол саяси күресін тоқтатпай, эмиграция жағдайында ұлттық мүддені қорғауды жалғастырды.

Эмиграциядағы өмірінде Мұстафа Шоқай өз халқының тәуелсіздігі жолындағы күресті тоқтатпай, Еуропада көптеген мақалалар, зерттеулер, саяси талдаулар жариялады. Оның еңбектерінде ұлттық бостандық, адам құқығы, демократия, тарихи әділеттілік мәселелері кеңінен көрініс тапты. Осы тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасы тек саяси қызметімен ғана емес, оның ішкі жан дүниесі, мінез-құлық ерекшеліктері, ерік-жігері, психологиялық төзімділігі арқылы да терең зерттеуді қажет етеді. Тарихи-психологиялық портрет жасау барысында тұлғаның өмір сүрген ортасы, оның саяси көзқарастары, қабылдаған шешімдері, дағдарыс кезеңдеріндегі мінез ерекшеліктері және моральдық ұстанымдары маңызды рөл атқарады. Мұстафа Шоқай тұлғасы – қайсарлық, интеллектуалдық биіктік, рухани беріктік пен ұлттық жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Эмиграциялық өмір адамның психологиялық тұрақтылығына үлкен сынақ болып саналатыны белгілі. Алайда Мұстафа Шоқай көптеген қиындықтарға қарамастан өз ұстанымынан бас тартқан жоқ. Бұл оның ішкі мотивациясының тұрақты болғанын және тұлғалық беріктігін көрсетеді (Shokay, 2004).

Мұстафа Шоқайдың қаншама өткір мақалалары, сөйлеген жалынды сөздері, қисынды сын-пікірлері қаламгер екендігін де анық аңғартады. Мұстафа Шоқайдың еңбектері халқымыздың өткен жолын тарихи шындық тұрғысынан қарастыруға және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу үшін аса құнды қазына болып табылады (Shokay, 2006).

Зерттеу барысында Мұстафа Шоқайдың көшбасшылық қасиеттері ерекше байқалды. Ол күрделі саяси жағдайда стратегиялық шешім қабылдай білді, әртүрлі әлеуметтік топтарды ортақ мақсат төңірегіне біріктіруге ұмтылды және ұлттық мүддені халықаралық деңгейде қорғауға күш салды. Париж бен Берлинде жүргізген қоғамдық-саяси қызметі оның коммуникациялық қабілеті жоғары, кең ауқымда ойлайтын қайраткер болғанын дәлелдейді (Bakir, 2020).

Тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығы да маңызды психологиялық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Мұстафа Шоқай өмірінің әр кезеңінде саяси қысымға, қуғын-сүргінге және жалғыздыққа тап болғанымен, өзінің құндылықтық бағдарларын сақтап қалды. Оның мақалалары мен хаттарында

үмітсіздік емес, болашаққа деген сенім мен ұлттық жауапкершілік басым көрінеді. Бұл жағдай тұлғаның ішкі сенім жүйесінің мықтылығын айғақтайды.

Қорытынды. Бұл мақалада Мұстафа Шоқайдың тарихи-психологиялық портреті жан-жақты қарастырылып, оның тұлғалық болмысы тарихи деректер мен психологиялық талдау негізінде жүйелі түрде ашылды. Жұмыс барысында тұлғаның өмір сүрген дәуірінің саяси-әлеуметтік жағдайы, өмірбаяндық қалыптасу кезеңдері, мінез-құлық ерекшеліктері, құндылықтары, мотивациясы, шешім қабылдау стилі, көшбасшылық қасиеттері, дағдарыс жағдайындағы мінезі және замандастарының бағасы кешенді түрде зерделенді.

Зерттеу нәтижесінде Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасын сипаттайтын негізгі психологиялық қырлар анықталды. Ең алдымен, оның болмысынан көшбасшылық, жоғары интеллектуалдық деңгей, стратегиялық ойлау, эмоциялық тұрақтылық, стресске төзімділік және идеялық табандылық айқын байқалады. Ол ұлттық тәуелсіздік идеясын тек саяси ұран деңгейінде емес, терең саналы тарихи миссия ретінде қабылдаған тұлға болды. Бұл оның өмір бойы өзгермеген негізгі психологиялық өзегіне айналды.

Жалпы психологиялық портреттің түйіні ретінде Мұстафа Шоқайды миссиялық лидер, ұлттық жауапкершілігі жоғары стратег, гуманистік құндылықтарды ұстанған интеллектуал, әрі дағдарыс жағдайында өз әрекетін тиімді өзгерте алатын бейімделгіш тұлға ретінде сипаттауға болады. Оның ішкі әлеміндегі басты қозғаушы күш — Түркістан халықтарының еркіндігі мен тарихи әділеттілікке деген сенімі болды. Осы сенім оның эмиграция, саяси қысым, жалғыздық сияқты ауыр сынақтарда да рухани беріктігін сақтап қалуына мүмкіндік берді.

Тұлғаның ерекшелігін қорытындылай келе, Мұстафа Шоқайдың даралығы бірнеше қырдан көрінеді. Біріншіден, ол өз дәуіріндегі көптеген қайраткерлерден ұлттық идеяны халықаралық деңгейде қорғай алу қабілетімен ерекшеленді. Екіншіден, оның ойлау жүйесінде құқықтық мемлекет, демократия, ұлттық мәдени тұтастық және түркі халықтарының ынтымағы үйлесімді тоғысты. Үшіншіден, оның психологиялық тұрақтылығы – тарихи қысымға қарамастан мақсатынан айнымауында. Осындай қасиеттер оны тек саяси қайраткер емес, рухани-идеялық феномен деңгейіне көтерді.

Мұстафа Шоқайдың қазіргі заман үшін маңызы ерекше. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында оның мұрасы жастарды патриотизмге, білімге, әділеттілікке, ұлттық жауапкершілікке және мемлекетшілдікке тәрбиелеуде маңызды рухани негіз болып табылады. Оның еркіндік, демократия, ұлттық тұтастық және мәдени дербестік туралы идеялары қазіргі қоғамдағы азаматтық сана мен ұлттық идеологияның дамуына өз ықпалын сақтап отыр.

Сонымен қатар, қазіргі жаһандану дәуірінде Мұстафа Шоқайдың түркі халықтарының рухани және мәдени бірлігі туралы тұжырымдары өзектілігін жоғалтқан жоқ. Түркі мемлекеттері арасындағы интеграциялық процестер,

ортақ тарихи сана қалыптастыру, мәдени-гуманитарлық байланыстарды күшейту сияқты бағыттарда оның идеялық мұрасы теориялық негіз ретінде маңызды.

Мұстафа Шоқай – тарихтағы орны ерекше, психологиялық тұрғыдан аса берік, миссиялық деңгейдегі ұлттық көшбасшы. Оның тұлғалық болмысы мен рухани мұрасы бүгінгі және келешек ұрпақ үшін еркіндікке адалдықтың, тарихи жауапкершіліктің және биік адамгершіліктің символы болып қала береді.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі: Барлық авторлар мақаланың тұжырымдамасын әзірлеуге, оны дайындауға және жазуға тең дәрежеде үлес қосты.

References

- Begmanov K. (2013) *Mұстафа SHoқaj zholymen: tarihi-derekti, tanymdyқ saparnama: kitap-al'bom* [In the Footsteps of Mustafa Shokay: A Historical Documentary and Educational Travelogue]. Almaty: Soraba Public Foundation. – 495 p. (in Kaz)
- Bakir A.K. (2020) Mұстафа SHoқaj: өmiri men қызmeti, shyғarmashylyғу [Mustafa Shokai: life, activity, and works]. Almaty: Arys Publishing House. — 328 p. (in Kaz)
- Bakir A.K., Taiman ST. (2022) M. SHoқaj мұсылман emigrantтарының көshbasshysy [Mustafa Shokai – Leader of Muslim Emigrants]. Otan Tarikhy. – No. 1 (97) <https://otan.history.iie.kz/main/article/view/129/143> (in Kaz)
- Bakir A. (2025) Meniң Mұstafam: estelikter, hattar [My Mustafa: Memoirs. Letters. Compiled and with an afterword by]. Almaty: Arys Publishing House. — 208 p. (in Kaz)
- Bakir A., Kara A., Taiman S. (2025) Mұstafa SHoқajдың memleketshildik мұраты [Mustafa Shokai's Ideal of Statehood]. Monograph. – Kyzylorda: Zhienai Publishing House. — 264 p. (in Kaz)
- Esmagambetov K.L. (2012) SHoқaj M. Таңдамалы shyғarmalar: 12 томдық [Shokai M. Selected Works: in 12 volumes]. Almaty: Kainar. – Vols. 1–12. <https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/1598949> (in Kaz).
- Esmagambetov K. L., Tashtemkhanova R.M. (2010) Mұstafa SHoқajдың tarihi bejnisi: tarih mamandyktaryның studentterine арналған оқу қыралы [The Historical Image of Mustafa Shokai: A Textbook for History Students]. — Pavlodar: Kereku. — 389 p. (in Kaz)
- Zholmakhanova A.B., Tuyakbaev G.A., Abdrazakov K., Oralova G.S., and Serdali B.K. (2018) Kazakh Emigration and Historical Significance of Memories of Mustafa Shokay. *Utopia y Praxis Latinoamericana*, 23(82). — P. 111–120. <https://doi.org/10.5281/zenodo.1495807> (in Eng)
- Kara, A. (2002) *Mustafa Shokai* – Almaty: Murattas. — 420 p. (inTurkish)
- Kydyrali D.K. (2012) Mұstafa [Mustafa]. Astana: Delovoy Mir Astana. — 276 p. (in Kaz)
- Kara A. (2023) The Soviet Union's Policy on the Turkic World Mustafa Shokai (Selected Articles in French). Istanbul: DOĞU KÜTÜPHANESI. — 343 p.<https://www.abdulahapkara.com/wp-content/uploads/2024/04/Cokay-Kazacka.pdf> (in Turkish)
- Kara A. (2024) Mustafa Shokai and the Prometheus Union: Global Synergy in the Struggle for Turkestan's Independence. Proceedings of the International Scientific and Theoretical Conference “Mustafa Shokai and the Turkic World: Historical Legacy and Ideological Continuity”. – P. 5–15. (in Turkish)
- Oktay, Abdulahap (1950) *The Turkestan National Movement and Mustafa Chokay (Commemorating the 60th Anniversary of the Birth of the Late Mustafa Chokay)*. Istanbul. — 55 p. (in Turkish)

Radjabov K. (2021) "The Lives and Destinies of the Ministers of the Turkestan Autonomy and the Members of the National Assembly". Tashkent: Mindomzor Invest. — P. 23-29. (in Uzbek)

Rajabov Q. Turkiston Muxtoriyati vazirlari hamda milliy majlis a'zolari hayoti va taqdiri [The lives and fates of the ministers of the Turkestan Autonomy and members of the national assembly]. – Toshkent: "Bodomzor Invest", 2021. — P. 23-29. (in Uzbek)

Sadykova B.I. (2009) Mustafa CHokaj v emigracii [Mustafa Chokai in exile]. Almaty: Mektep Publishing House, 248 p. (in Rus)

Shokai M. (1935) Turkestan pod vlast'yu Sovetskoj vlasti [Turkestan under the Rule of the Soviets]. – Paris. — 286 p. <https://kazneb.kz/index.php/ru/catalogue/view/1557700> (in Rus)

Shokai M. (2004) Hattar. Estelikter. Kyzhattar / қыраст. M. Kojgeldiev [Shokai M. Letters. Memoirs. Documents comp] by M. Koigeldiev. – Almaty: Kazakhstan. — 320 p. (in Kaz)

Shokay M. (2006) Таңдамалы шығармалар. қыраст. A. Nysanbaev [Selected Works] comp. by A. Nysanbayev. – Almaty: Arys, 480 pp. (in Kaz)

Shokay M. (2006) Epistolarylyk мыра. 2-tom. [Epistolary Heritage. — Vol. 2]. Almaty: Saga. — 372 p. <https://kazneb.kz/index.php/kk/catalogue/view/1629503> (in Kaz)

Shokay M. (2007) Таңдамалы шығармалар: үш томдық. 2-tom [Selected Works: In Three Volumes. Vol. 2]. Almaty: Kainar Publishing House. — 392 p. <https://kazneb.kz/kk/catalogue/view/1598949> (in Kaz)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 3